

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1030 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 30 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы КЕЛІСІМ

**(2008 жылғы 28 қарашада күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық
шарттары бюллетені, 2008 ж., N 6, 30-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті,

олармен алмасу Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы саяси, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық немесе өзге де ынтымақтастық барысында жүзеге асырылатын, сондай-ақ Тараптардың осындай ынтымақтастығы процесінде жасалған құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылуын ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Украинаның ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптардың құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етудегі өзара мүдделерін ескере отырып,

1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық құпияларының қорғалуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді іске асыруға өзара мүдделілікті ескере отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап Терминдер анықтамасы

Осы Келісім мақсаттары үшін осында қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

" **құпия ақпарат** " - олардың рұқсатсыз таратылуы Қазақстан Республикасының және Украинаның қауіпсіздігіне және мүдделеріне залал келтіруі мүмкін мемлекеттік

құпияларды құрайтын, кез келген нысанда бейнеленген, Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қорғалатын, Тараптардың әрқайсысы және осы Келісім белгілеген тәртіппен берілген, сондай-ақ Тараптардың ынтымақтастығы процесінде жасалған мәліметтер;

" **құпия ақпаратты таратушылар** " - қорғалатын құпия ақпарат оларда символдар, бейнелер, дабылдар, техникалық шешімдер мен процестер түрінде бейнеленген материалдық объектілер, соның ішінде физикалық өрістер;

" **құпиялылық дәрежесі** " - құпия ақпараттың маңыздылығын, оған қол жеткізуді шектеу деңгейін және оны Тараптар мемлекеттерінің қорғау деңгейін сипаттайтын санат, оның негізінде құпиялылық белгісі қойылады;

" **құпиялылық белгісі** " - осы ақпараттың құпиялылық дәрежесін куәландыратын, құпия ақпаратты таратушыға қойылатын немесе оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, құпия ақпаратты таратушыдағы мәліметтердің құпиялылық дәрежесі туралы куәландыратын құпия ақпаратты таратушының деректемелері;

" **шарт** " - олардың шеңберінде құпия ақпарат қалыптасатын немесе берілетін Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары арасында жасалатын шарт, келісім немесе келісім-шарт;

" **құпия ақпаратқа рұқсат беру** " - жеке адамдардың құпия ақпаратқа қол жеткізуге, ал ұйымның осындай ақпаратты пайдаланып жұмыстар жүргізуге құқығын ресімдеу рәсімі;

" **құпия ақпаратқа қол жеткізу** " - жеке немесе заңды тұлғаға құпия ақпаратпен танысуға рұқсат беру;

" **ұйым** " - Тараптар ынтымақтастығының процесінде берілетін немесе жасалған құпия ақпаратты алуға, сақтауға, беруге, қорғауға, пайдалануға Тараптар уәкілеттік берген мемлекеттік орган немесе басқа заңды тұлға;

" **уәкілетті орган** " - мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты мемлекеттік орган.

2-бап Құпиялылық дәрежелерінің салыстырмалылығы

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес құпиялылық дәрежелері мынадай үлгіде салыстырылады:

Қазақстан Республикасында		Украинада
"Аса маңызды" (аса маңызды)	"Особой важности"	"Особливої важливості" (особливої важливості)
"Өте құпия" (оте купия)	"Совершенно секретно"	"Цілком таємно" (цилком таємно)
"Құпия" (купия)	"Секретно"	"Таємно" (таємно)

3-бап Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес:

Тараптар ынтымақтастығының процесінде берілетін немесе жасалған құпия ақпаратты қорғауға;

берген Тарап мемлекетінің ұйымы қойған құпиялылық белгісін оның жазбаша келісімінсіз өзгертпеуге;

алынған құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде осы Келісімнің 2-бабына сәйкес құпиялылық дәрежесімен салыстырылатын өзінің құпия ақпаратына қатысты қолданылатын сондай қорғау шараларын қабылдауға;

басқа Тарап мемлекетінің ұйымынан алынған құпия ақпаратты тек оны беру кезінде көзделген мақсаттарда қолдануға;

берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тараптың құпия ақпаратқа қол жеткізуін болдырмауға міндеттенеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізу осы ақпаратпен танысу оны беру немесе оны бірлесіп жасау кезінде көзделген мақсаттарда қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті адамдарға ғана рұқсат етіледі.

3. Құпия ақпаратқа қол жеткізуге құпия ақпаратқа тиісті рұқсаты бар адамдарға ғана рұқсат етіледі.

4. Қажет болған жағдайда құпия ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша талаптар оларда құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелері және оны қорғау жөніндегі шаралар жазылатын белгілі бір қызмет түріне берілген шарттарға енгізіледі.

4-бап Құпия ақпаратты беру

1. Бір Тарап ұйымы басқа Тарап ұйымына құпия ақпаратты беру ниетін білдірген жағдайда, ол өз Тарабы мемлекетінің уәкілетті органынан құпия ақпаратты алатын ұйымда тиісті рұқсаттың болуы туралы жазбаша растауды алдын ала сұратады.

Бір Тарап мемлекетінің уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органынан басқа Тарап мемлекетінің ұйымында тиісті рұқсаттың, сондай-ақ құпия ақпаратты тиісті қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті мүмкіндіктердің болуын жазбаша растауды сұрайды.

2. Нақты құпия ақпаратты беру туралы шешімді Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес әрбір жекелеген жағдайда Тараптар қабылдайды.

3. Құпия ақпаратты бір мемлекеттен екіншісіне беру дипломатиялық арналар бойынша, документальды шифрланған байланыс арналары бойынша, фельдъегерлік қызметпен немесе әскери-курьерлік қызметпен Тараптар мемлекеттерінің арасында қолданылып жүрген халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті ұйым өз елінің уәкілетті органы арқылы құпия ақпаратты алғандығын растайды.

4. Құпия ақпараттың ірі көлемді таратушыларын беру үшін уәкілетті органдар әрбір жекелеген жағдайда тасымалдау тәсілдерін, алып жүру бағытын және нысанын белгілейді.

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары осындай тасымалдаулардың әрбір жекелеген жағдайы туралы ақпарат алмасады.

5-бап Құпия ақпаратпен және құпия ақпаратты таратушылармен жұмыс істеу

1. Берілген құпия ақпаратты алу үшін жауапты ұйым осы Келісімнің 2-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгілерімен құпия ақпарат таратушыларды қосымша белгілейді.

Құпиялылық белгілерімен белгілеудің қажеттілігі Тараптар ынтымақтастығының процесінде, аудару, тираждау немесе көбейту нәтижесінде жасалған құпия ақпаратты таратушыларға да қолданылады.

Берілген құпия ақпарат негізінде жасалған құпия ақпаратта берілген құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесінен кем болмайтын құпиялылық дәрежесі болуға тиіс.

2. Берілген немесе жасалған құпия ақпарат Тараптар мемлекеттерінің өздерінің құпия ақпаратына қатысты қолданылатын талаптарға сәйкес сақталады және есепке алынады.

3. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін берген Тарап мемлекетінің тиісті ұйымының жазбаша рұқсаты бойынша ғана алған Тарап мемлекетінің ұйымы өзгерте немесе алып тастай алады.

Тараптар ынтымақтастығының процесінде жасалған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі Тараптар мемлекеттері ұйымдарының өзара келісімі бойынша анықталады, өзгертіледі немесе алынып тасталады.

Құпия ақпаратты берген Тарап мемлекетінің ұйымы екінші Тараптың тиісті ұйымына осы құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін өзгеруі немесе алынып тасталуы туралы уақтылы хабарлайды.

4. Құпия ақпаратты таратушылар берген Тарап мемлекеті ұйымының жазбаша сұратуы немесе хабарламасы бойынша қайтарылады немесе жойылады.

Құпия ақпаратты және оны таратушыларды тираждау немесе көбейту берген Тарап мемлекеті ұйымының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады. Құпия ақпаратты жою Тараптар мемлекеттерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі, ал жою процесі оны одан әрі қалпына келтірудің мүмкінсіздігін кепілдендіруге тиіс.

6-бап Шарттар

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары жасайтын шарттарға жеке бөлім қосылады, онда Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған құпия ақпаратты беру және онымен жұмыс істеу шарттары, оның ішінде мыналар айқындалады:

берілетін және (немесе) жасалатын құпия ақпарат тізбесі және оның құпиялылық дәрежелері;

берілетін және (немесе) жасалатын құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері;

даулы жағдайларды шешу және берілетін және (немесе) жасалатын құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан болуы мүмкін залалды өтеу тәртібі.

7-бап Уәкілетті органдар

1. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты уәкілетті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі;

Украинада - Украинаның Қауіпсіздік қызметі.

2. Ынтымақтастық сипатына қарай Тараптар осы Келісімді іске асыру үшін жауапты өзге де уәкілетті органдарды анықтай алады, бұл туралы олар бір-біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды.

8-бап Консультациялар

1. Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары осы Келісімді орындау үшін қажетті көлемде құпия ақпаратты қорғау саласындағы Тараптар мемлекеттерінің тиісті заңнамалық және өзге де заңға тәуелді кесімдерімен алмасады.

2. Осы Келісімді орындау кезінде ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары бірлескен консультациялар өткізеді.

9-бап Сапарлар

1. Бір Тарап мемлекетінің ұйымы өкілдерінің екінші Тарап мемлекетінің құпия ақпаратына қол жеткізуін көздейтін сапарлары қабылдайтын Тарап мемлекетінің уәкілетті органының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады. Сапарға дейін Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары сапар уақытында беру немесе танысу көзделген құпия ақпараттың дәрежесі туралы бір-біріне хабарлайды. Мұндай сапарларға рұқсат тек осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдарға ғана беріледі.

2. Осындай сапарлардың мүмкіндігі туралы өтінішті жіберуші Тарап мемлекетінің уәкілетті органы қабылдаушы Тарап мемлекетінің уәкілетті органына жібереді және қабылдаушы Тарап мемлекетінде қабылданған рәсімдерге сәйкес жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

келушінің тегі мен аты, туған күні мен жері, азаматтығы мен төлқұжат нөмірі;

келушінің мамандығы мен лауазымы, ол жұмыс істейтін ұйымның атауы;
тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсатының болуы;

болжанып отырған келу күні және сапардың жоспарланған ұзақтығы, оларда болу жоспарланған ұйымдардың атауы;

келушілер кездеседі деп болжанып отырған лауазымды адамдардың тізбесі.

3. Бір Тарап мемлекеті ұйымының өкілдері екінші Тараптың тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратымен жұмыс істеу ережелерімен танысады және сапар барысында осы ережелерді сақтайды.

4. Бір Тарап мемлекетінің ұйымы өкілдерінің екінші Тарап мемлекетінің құпия ақпаратына тікелей қол жеткізуі қабылдаушы Тараптың ұлттық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге арналған шығыстар

Бір Тарап мемлекеті ұйымдарының құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге байланысты туындайтын шығыстарын екінші Тарап мемлекетінің ұйымдары өтемейді.

11-бап Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды бұзу

Берілген құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына әкелген құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар бұзылған немесе мұндай рұқсатсыз тарату қаупі туындаған жағдайда, тиісті Тарап мемлекетінің уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органына дереу хабарлайды, қажетті тексеру жүргізеді және құпия ақпаратты берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органына тексеру нәтижелері туралы және аумағында бұзушылық орын алған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

12-бап Басқа да уағдаластықтарға қарым-қатынас

Құпия ақпаратты сақтауды қамтамасыз ету режимін реттейтін Тараптардың арасындағы уағдаластықтар, егер олардың ережелері осы Келісімге қайшы келмесе қолданылуын жалғастыра береді.

Мұндай қайшылықтар табылған жағдайда Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын басшылыққа ала отырып, оларды бірлесіп шешеді.

13-бап Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді. Мұндай келіссөздер кезінде Тараптар осы Келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады.

14-бап Келісімнің күшіне енуі, қолданылатын мерзімі және оны өзгерту мен қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді және шектеусіз мерзімде қолданылады.

2. Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

3. Тараптардың әрқайсысы кемінде алты ай бұрын дипломатиялық арналар бойынша бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады.

4. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілген немесе жасалған құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық белгісі алынбайынша осы Келісімнің 3-бабында көзделген оны қорғау жөніндегі шаралар қолданыла береді.

2005 жылғы 30 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тілінде жазылған мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина Министрлер
Кабинеті үшін